



ҚАЗАҚСТАН ЭКОЛОГИЯСЫ

ЭКОЛОГИЯ КАЗАХСТАНА

WWW.IACOOS.KZ - WWW.ECOGOSFOND.KZ

№ 6 (065) 2021 ж. маусым
ісін 2021 г.ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ – ТАЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ
ИНФОРМАЦИОННО-АНАЛИТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ

САНЫНДА / В НОМЕРЕ:

ҚАЗАҚСТАН ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУҒА БАСА МӘН БЕРЕДІ - ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ

5 маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл күннің маңыздылығы туралы өз Twitter парақшасында жазды.

«Біріккен Ұлттар Ұйымы алдағы он жылды экология жүйесін қалпына келтіруге арнамақ. Қазақстан табиғатты қорғауға баса мән береді. Біз «жасыл бастамаларды» жүзеге асырып, нақты нәтижелерге қол жеткіземіз деп сенемін», - деп жазды Президент.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев саладағы мамандарды кәсіби мерекелерімен құттықтады.

«Бүгін сонымен бірге Қазақстанның эколог-тарының кәсіби мерекесі. Аса актуалды, күрделі салада еңбек етіп жатқан әріптестерді, ардагерлерді мерекемен құттықтап, істеріне табыс, денсаулық тілеймін. Осы



күні экологиялық проблемаларға әлем назарын аудару үшін түрлі шаралар ұйымдастырылады. Біз «Бірге таза Қазақстан» тазалық акциясын дәстүрге айналдырдық», - деп жазды министр Twitter парақшасында.

Айта кетейік, Бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күнінің биылғы тақырыбы - «Қайта ойлану. Қайта құру. Қалпына келтіру».

«Барша отандастарды «қайта ойланып», табиғат байлық-тарын үнемді пайдалануға, жануарлар мен өсімдіктерге жанашырлық танытуға, айналаны таза ұстап, экологиялық өмір салтына ұстануға шақырамын», - деді Мағзұм Мырзағалиев.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми сайты.

АКЦИЯ «БІРГЕ - ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

В рамках «Дня охраны окружающей среды» по всей стране прошла акция «Бірге - таза Қазақстан». В ней приняли участие около 120 тысяч волонтеров, экологов и специалистов из различных организаций.



Министр экологии, геологии и природных ресурсов РК Мағзұм Мырзағалиев отметил важность этого дня и поздравил экологов с профессиональным праздником.

«Данная акция по праву считается одной из масштабных инициатив,

когда-либо предложенных государством, так как нашла поддержку не только со стороны государственных органов, но и со стороны народа. В этом году в качестве территории, преимущественно требующей очистки, мы выбрали это место в надежде, что после нашей общей службы окружающей среде местность станет чище, аккуратней и вернется к своему первоначальному виду», - сказал он.

Заместитель министра экологии Ахметжан Примкулов отметил, что с каждым годом количество людей, которые принимают участие в субботнике, растет. Он также поздравил экологов с праздником и подчеркнул, что эта профессия имеет большое значение для государства.

«Мы считаем, что эта акция необходима для того, чтобы население обратило внимание на подобные проблемы. Акция

проходит по всей республике. Благодарю всех участников. Также поздравляю всех казахстанцев, экологов с профессиональным праздником», - сказал вице-министр.

Ежегодно определяются тематика и девиз Всемирного дня охраны окружающей среды. Тема 2021 года - «Переосмыслить. Воссоздать. Восстановить».



Официальный сайт Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК.

АККӨЛ ҚАЛАСЫНДА ОРГАНИКАЛЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БӨЛЕК ЖИНАУДЫ ЖӘНЕ ӨНДЕУДІ ЕНГІЗУ БОЙЫНША ПИЛОТТЫҚ ЖОБА ІСКЕ АСЫРЫЛАДЫ

Экология вице-министрі А.Пірімқұлов Францияның Қазақстандағы Елшісі Дидье Канесспен және Акмола облысы әкімінің орынбасары М.Таткеевпен кездесті. Кездесу барысында Акмола облысының Аккөл қаласында тамақ қалдықтарын жинау және өңдеу бойынша жоба (бұдан әрі - Жоба) таныстырылды.



Жобаның қатысушылары «ӨКМ Операторы» ЖШС, қатты тұрмыстық қалдықтармен

(ҚТҚ) жұмыс істеу жөніндегі Француз агенттігі - Systom, француз инженерлік жобалау институты - Setec EnergieEnvironnement және Акмола облысының Аккөл ауданының әкімдігі болып табылады.

2021 жылғы ақпанда «ӨКМ Операторы» ЖШС Systom-мен өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойды, оның шеңберінде «ӨКМ Операторы» ЖШС, Systom, Акмола облысының әкімдігі және Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Жобаны іске асыру жөніндегі Жол картасына қол қойды.

Жобада Акмола облысының Аккөл қаласындағы ҚТҚ органикалық (тағамдық) фракциясымен (бұдан әрі - ҚТҚОФ) жұмыс істеу бойынша зерттеу жұмысын (ТЭН) көздейді.

ТЭН сәтті орындалған жағдайда, Systom және «ӨКМ Операторы» ЖШС кейіннен айқындалатын ТЭН шешімдерін іске асыруды, оның ішінде жергілікті атқарушы органдар мен жауапты ұйымның қатысуымен ҚТҚОФ-



ты компостирлеу арқылы бөлек жинауды және дайын өнімге қайта өңдеуді жүзеге асыратын ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жетілдіруді қаржыландыруды жоспарлап отыр.

ТЭН-де ҚТҚОФ-тың пайда болу көздерін, ҚТҚОФ-ты бөлек жинауға арналған контейнерлердің (сыйымдылықтардың) және ҚТҚОФ-ты қайта өңдеу (компосттау) жөніндегі жабдықтау жеткізуге арналған арнайы техниканың санын анықтау жоспарла-

нуда. Бұдан әрі бірінші жыл ішінде Аккөл қаласының жабдығы мен техникасын сатып алу және беру, екінші жыл ішінде қызметке мониторинг жүргізу көзделді.

Француз тарапы қалдықтарды қайта өңдеу (компосттау) жөніндегі жабдықты сатып алуды және жеткізуді қаржыландырады, ал Оператор оларға қызмет көрсету үшін контейнерлер (сыйымдылықтар) мен арнайы техниканы сатып алуды және жеткізуді қаржыландырады деп күтілуде.

Сондай-ақ, алынатын өнімге оның қолданылу саласын бекіте отырып, ұлттық стандартты (техникалық компост) енгізу жоспарлануда.

Кездесу барысында А.Пірімқұлов қалдықтарды бөлу және қайта өңдеу бойынша мұндай жобалар қажет екенін және болашақта үлкен перспективаларға ие екенін атап өтті.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми сайты.

В НУР-СУЛТАНЕ СОСТОЯЛСЯ ПЕРВЫЙ МЕЖДУНАРОДНЫЙ КОНГРЕСС «ECOJER» – «ФОРМИРУЙ УСТОЙЧИВОЕ БУДУЩЕЕ»

Мероприятие прошло в преддверии Всемирного дня охраны окружающей среды в рамках празднования 30-летия Независимости Казахстана. Организатором выступила Ассоциация «ECOJER» при поддержке Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК.

Партнером проведения Конгресса является Представительство Европейского Союза в РК.

С обращением к участникам от имени Главы государства Касым-Жомарта Тоқаева выступил специальный представитель Президента РК по международному сотрудничеству Ержан Казыхан.

«Концепция устойчивого развития предусматривает гармоничное взаимодействие триады «экология-экономика-общество», поэтому Казахстан не может откладывать решение экологических проблем. Я приветствую создание новой диалоговой платформы, которая объединяет усилия общественности, бизнеса и правительства для решения экологических проблем и повышения экологической культуры населения. Надеюсь, что проведение заседаний Конгресса накануне Всемирного дня окружающей среды станет доброй традицией», - говорится в обращении Касым-Жомарта Тоқаева.

Актуализируя тематику, председатель Совета Ассоциации «ECOJER», депутат Мажилиса Парламента РК Лаззат Рамазанова отметила, что Казахстан, как и весь мир, уязвим к воздействиям изменения климата.

«Дальнейший рост глобальной температуры воздуха может привести к необратимым процессам. Именно поэтому Правительство инициирует системные меры по декарбонизации



экономики и «экологизации» промышленности. Процесс не будет полноценным без политической воли и постоянного диалога между государством, бизнесом и общественностью. К этому необходимо стремиться», - сказала Лаззат Рамазанова.

Климатические проблемы нельзя рассматривать в отрыве от реформ в агропромышленном комплексе, уверен Комиссар Европейского Союза по сельскому хозяйству Януш Войцеховский. По его словам, устойчивое сельское хозяйство не только

дает реальный шанс малым и средним фермам увеличивать свою добавленную стоимость, но и вносит существенный вклад в выполнение климатических обязательств.

«Мы можем эффективно производить сельскохозяйственную продукцию, заботясь при этом об окружающей среде, климате и благополучии домохозяйств. В достижении этих целей нет никакого противоречия, и они должны рассматриваться вместе», - считает Януш Войцеховский.

Вопросы разработки мер по адаптации Казахстана к изменению климата стоят на Повестке дня Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК.

«Для усиления международного сотрудничества и снижения негативных последствий в национальное законодательство имплементированы нормы по адаптации к изменению климата. Это позволит создать эффективную систему повышения устойчивости на местном уровне. Реализация начнется с проведения полной оценки в наиболее уязвимых секторах: водное, сельское, лесное хозяйство и гражданская защита. В результате, на национальном и местном уровне в отраслевых государственных

программах появится возможность учитывать климатические риски и разрабатывать необходимые меры адаптации к изменению климата», - заявил министр экологии, геологии и природных ресурсов РК Мағзұм Мырзағалиев.

Комиссар Евросоюза по окружающей среде, океану и рыболовству Виргиниус Синкявичюс в свою очередь заявил о готовности постоянного сотрудничества ЕС и Казахстана по важнейшим климатическим и экологическим проблемам, а также для обеспечения глобального «зеленого перехода».

«Климатический кризис, кризис биоразнообразия и загрязнения - это глобальные проблемы, требующие немедленных действий. Чтобы обеспечить глобальный зеленый переход, мы должны тесно сотрудничать. Я твердо верю, что сегодняшняя конференция поможет углубить сотрудничество между ЕС и Казахстаном по важнейшим климатическим и экологическим проблемам, которые мы все разделяем», отметил Синкявичюс.

В рамках Конгресса «ECOJER» состоялись семь панельных сессий, на которых участники смогли обсудить климатическое сотрудничество Казахстана и Евросоюза, реалии и перспективы экологизации промышленности, а также вопросы циркулярной экономики и «умных городов». Также были обсуждены вопросы участия женщин в экологии и представленный новый Экологический кодекс. На дебатах «Сжигать нельзя переработать» представители Минэкологии и эоактивисты высказали свои «за» и «против» по поводу строительства в Казахстане мусоросжигательных заводов.

По итогам работы Конгресса была принята резолюция, в которой отражены предложения и рекомендации участников по достижению Казахстаном взятых обязательств в рамках Парижского соглашения.

Официальный сайт Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК.

«ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КҮНІ» ҚАРСАҢЫНДА ЭКОЛОГИЯ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІКТЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

5 маусым күні ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінде «Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне» арналған салтанатты жиын өтті. Министр Мағзұм Мырзағалиев сала мамандарын кәсіби мерекесімен құттықтап, белсенді жұмыс атқарғандарды марапаттады. Олардың қатарында экология саласының ардагерлері, майталмандары және жастар да бар. Мәселен Министрліктің Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры Қуат Әйгерім, қоғамдық кеңес мүшесі Артюхина Галина «Экология саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Ал экоамбассадор Аббасов Мирас, Садуақасова Динара «Алғыс хат» алды.



Мағзұм Мырзағалиев, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі: «Егеменді еліміздің табиғатын қорғау және экологиялық ахуалын жақсарту жолындағы қызметтеріңіздің жемісін көріңіздер. Сіздердің қоршаған ортаны сақтау мен жақсарту жолындағы еңбектеріңіз үшін алғысымды білдіремін».

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми сайты.

ПРИНЯТ ЗАКОН О ВНЕДРЕНИИ МЕХАНИЗМА ЭНЕРГЕТИЧЕСКОЙ УТИЛИЗАЦИИ ОТХОДОВ «WASTE TO ENERGY»

В целях сокращения объемов образуемых отходов принят Закон о внедрении механизма энергетической утилизации отходов «Waste to Energy». В настоящее время определены 6 городов для строительства мусоросжигательных заводов.

«Нур-Султан, Актобе, Алматы, Шымкент, Караганда и Усть-Каменогорск. Акиматами выделены земельные участки для строительства заводов, определены ближайшие точки подключения к электросетям энергопередающих организаций. Уже начат прием докумен-



тов для проведения аукциона по формированию перечня энергопроизводящих организаций. Во втором полугодии будем подводить итоги», - сказал министр МЭГПР РК Мағзұм Мирзағалиев.

Требует внимания и вопрос растущего количества несанкционированных свалок. Космическим мониторингом ежегодно выявляются порядка 8,0 тыс. свалок.

«Акиматами ведется работа по их ликвидации. При этом для того, чтобы

системно решить вопрос незаконных свалок, в новом Экологическом кодексе предусмотрен вопрос об обязательном установлении GPS-датчиков на мусоровывозящем транспорте, лицензировании для предприятий, занимающихся переработкой и утилизацией отходов и внедрение уведомительного порядка для мусоровывозящих организаций».

Официальный сайт Министрства экологии, геологии и природных ресурсов РК

ГЕОЛОГИЯ САЛАСЫН ДАМУДЫҢ 2021-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ ӘЗІРЛЕНУДЕ

Қорлардың төмен толықтырылуы бүгінгі күні геологиядағы өткір мәселелердің бірі болып табылады, деп атап өтті экология министрі Мағзұм Мырзағалиев халықпен есептік кездесуінде.

Оның айтуынша, соңғы онжылдықта республикада полиметалл кендерінің көптеген ірі кен орындары игерілген, кейбір облыстарда жыл сайын мұнай өндіру көлемі төмендеуде. Сонымен қатар, елде көмірсутектер мен қатты пайдалы қазбалардың жаңа ашылуларының болашағы бар. Сондықтан мемлекет Басшысының тапсырмасы бойынша министрлік геология саласын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасын әзірлеуге кірісті. Нашар зерттелген шөгінді бассейндердің мұнай-газ әлеуетін анықтау және тау-кен аудандарындағы «терең горизонттарды» зерттеу көзделіп отыр.

Министр атап өткендей, жобаны іске асыру аумақтың зерттелуін арттыруға, пайдалы қазбалардың болжамды ресурстарын бағалауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, жоба геологиялық барлау жұмыстары кезінде халықты жұмыспен қамту пайызын арттыруға, инвестиция тартуға және тау-кен байыту комбинаттарын салу мен пайдалану кезінде жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Мағзұм Мырзағалиевтің айтуынша, биыл «минералды ресурстардың ұлттық деректер банкі» ақпараттық жүйесі пайдалануға беріледі. Жүйе инвесторлар үшін терезе ретінде қызмет етеді, мемлекеттік органдар мен жер қойнауын пайдаланушылардың өзара қарым-қатынасын цифрлық форматқа көшіруге мүмкіндік береді. Министр атап өткендей, 2020 жылы барлауға/өндіруге лицензия беру, геологиялық ақпаратты сатып алу және т.б. сияқты бірқатар бизнес-процестер әзірленді, мемлекеттік деректер базасымен интеграциялау орындалды.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми сайты.

МАҒЗҰМ МЫРЗАҒАЛИЕВ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА ЭКОЛОГ-СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ



5 маусым қоршаған ортаны қорғау күні қарсаңында ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі еліміздің студенттерімен, магистранттарымен кездесті. «Жастар және Қазақстанның тұрақты дамуы» атты дөңгелек үстелде жас экологтармен табиғат байлықтарын ұқыпты пайдалану, жаңа экологиялық сана қалыптастыру мәселелері талқыланды.



Жас ғалымдар өздерінің қалдықтарды өңдеу, суды үнемдеу, орман алқаптарын ұлғайту, пластик өнімдерінен бас тарту, тағы да басқа бағыттардағы экологиялық жобаларымен, жасаған зертханалық тәжірибелерімен бөлісті.

«Жыл сайын Бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күнінің тақырыбы мен ұраны анықталады. Биылғы тақырып – «Қайта ойлану. Қайта құру. Қалпына келтіру. Үш негізгі планетарлық дағдарыспен: жаһандық климаттың өзгеруі, биоәртүрліліктің жоғалуы және қоршаған ортаның ластануымен күресуі белсенді түрде жүргізу қажет. Бүгін біз жоғарыда айтылған проблемалардың шешімі ретінде жастар тарапынан көптеген қызықты идеяларды естідік. Әрине, максатқа жету үшін жас эколог ретінде үлкен күш салуымыз керек. Ең ба-



стысы - жастардың қоршаған орта проблемаларына бейжай қарамайтыны, уақытын маңызды зерттеулерге арнап жатқаны қуантады», - деді Мағзұм Мырзағалиев.

Жас эколог, Әлихан Бөкейхан атындағы Қазақ орман шаруашылығы және агроорманмелиорация ғылыми-зерттеу институтының бөлім меңгерушісі Екатерина Вибе орман қорғау мәселесіне қатысты жобасымен бөлісті.



«Біз қазіргі уақытта Қызылорда облысындағы Арал теңізінің табанына сексеуіл отырғызу бойынша зерттеу жүргізіп жатырмыз. Бұл ағаш түрі сол өңірдің климатына, құмды топыраққа бейім. Ал тартылған теңіз орнында ағаштардың болуы экология үшін аса маңызды».

Сонымен қатар Астананың жасыл белдеуіне ағаш отырғызу жұмыстарымен де айналыстық. Бүгінгі күні жас ғалымдарға жол ашық, үлкен мүмкіндік беріліп отыр. Әлемдегі үздік ғылыми зерттеу институттарымен жұмыс істеуге, халықаралық жобаларға атсалысу мүмкіндігіне иеміз», - деді эколог.

Жиын соңында министр Мағзұм Мырзағалиев жас экологтарды кәсіби мерекемен құттықтап, жобаларына сәттілік тіледі. Сонымен қатар 5 маусым күні республика бойынша өтетін «Бірге – таза Қазақстан» экологиялық акциясына шақырды.

«Біз жыл сайын 5 маусым күні дәстүрлі түрде осы акцияны өткіземіз. Эколог жастарды және барша Қазақстандықтарды осы шараға атсалысуға шақырамын. Әрине, пандемияға байланысты белгілі бір шектеулер болады. Бірақ қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, үлке топ болып жиналмасақта, әркім өз ауласын тазартса да болады».

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми сайты.



ОБ ИТОГАХ РЫБООХРАННОЙ АКЦИИ «БЕКІРЕ-2021» НА ВОДОЕМАХ ЖАЙЫК-КАСПИЙСКОГО БАССЕЙНА

В целях сохранения осетровых и других видов рыб и обеспечения благоприятных условий для их нереста Министерством экологии, геологии и природных ресурсов, МВД и Комитетом национальной безопасности РК в марте

2021 года был подписан Совместный приказ «О проведении широкомасштабной рыбоохранный акции «Бекіре» на водоемах Атырауской, Мангистауской и Западно-Казахстанской областей в период нереста осетровых и других видов рыб».

Кроме того, утвержден План совместных действий природоохранных и правоохранительных органов, а также составлена дислокация сил и технических средств, задействованных в акции.

В ходе акции государственными инспекторами Жайык-Каспийской межобластной бассейновой инспекции рыбного хозяйства совместно с правоохранительными и природоохранными органами в период с 1 апреля по 31 мая 2021 года выявлены 1262 нарушения рыбоохранного законодательства, из них 952 – в Атырауской, 137 – Мангистауской и 173 – Западно-Казахстанской областях.

К административной ответственности привлечены 862 нарушителя, из них 114 – в судебном порядке, возбуждены 56 уголовных дел. На нарушителей наложены штрафы на сумму 15,4 млн тенге.

Из незаконного оборота изъяты более 35 тонн рыбы, в том числе 4,6 тонны осетровых, 908 единиц орудий лова, 95 единиц плавательных и 23 единицы транспортных средств.



Из водоемов Жайык-Каспийского бассейна извлечены 3035 единиц незаконно установленных орудий лова, изготовленных преимущественно из синтетических монопоней и моноволокна.

Из наиболее значимых фактов можно отметить следующие.

15 апреля 2021 года в Исатайском районе Атырауской области у села Жанбай задержана автомашина, перевозившая рыбу осетровых видов общим весом 100 кг.

15 апреля 2021 года при проведении рейдовых мероприятий в городе Атырау задержан местный житель, у которого изъяты осетровые в количестве 247 штук общим весом 812 кг.

17 апреля 2021 года на территории государственного природного резервата «Акжайык», являющегося особо охраняемой природной территорией, в районе Нурмухан-Култук в Каспийском море сотрудниками инспекции задержаны 2 человека, которые осуществляли незаконный лов рыбы в запрещенном для промыслового рыболовства месте.

В результате досмотра маломерного судна изъяты 2,2 тонны рыбы частиковых видов и орудие лова (вентерь), принадлежавшее задержанным.

В городе Форт-Шевченко Мангистауской области 26 апреля 2021 года задержана автомашина под управлением местного жителя, который незаконно перевозил рыбу осетровых видов общим весом 148,55 кг.

В Западно-Казахстанской области в период проведения акции задержаны 16 автомашин, которые осуществляли перевозку рыбы без разрешительных документов. В результате

данных мероприятий изъяты порядка 15 тонн рыбы частиковых видов, возбуждены 15 уголовных дел.

Также в период проведения акции сотрудниками инспекции и правоохранительных органов осуществлялся мониторинг рынков и специализированных магазинов на предмет незаконной реализации приспособлений для ловли рыбы из синтетических монопоней и моноволокна. В результате 29 апреля 2021 года в г. Атырау на одном из торговых рынков выявлен факт реализации запрещенных орудий лова в количестве 79 единиц, на нарушителя наложен штраф на сумму 72,9 тыс. тенге по статье 196 КоАП РК.

Надо отметить, что в рейдах были задействованы авиация и водный транспорт государственных органов, в том числе пограничные быстроходные катера, а также суда на воздушных подушках.

30 мая 2021 года в ходе облета Жылыойского района в зарослях камыша обнаружена браконьерская база, оборудованная для длительного проживания (запасы воды и пищи, средства связи). В ходе досмотра обнаружены гладкоствольное ружье без регистрационного номера, два самодельных вездехода и три плавательных средства, в которых находились 7 мешков с запрещенными к использованию орудиями лова рыбы. Собранный материал и вещественные доказательства направлены в правоохранительные органы для установления причастных лиц и принятия процессуального решения.

На сегодня рыбоохранный акция «Бекіре-2021», направленная на усиление борьбы с браконьерством в период нереста ценных видов рыб, завершена.

Официальный сайт Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК.

ҚАЗАҚСТАНДА КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДА 80,5 МЛН АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Экология министрлігі Арал теңізінің құрғаған жерлеріне Сексеуіл отырғызудың кешенді бағдарламасын әзірлеуде. ҚР Экология министрі Мағзұм Мырзағалиев бүгін өткен халықпен есептік кездесуінде 2021-2030 жылдары 1,1 млн. га жерге сексеуіл отырғызу жоспарланғанын айтты.

Оның айтуынша, Алматыдағы «Сулпак» дүкенінің жанында 11 ағашты заңсыз кесу оқиғасынан кейін министрлік қолданыстағы заңнамаға айыппұлдарды ұлғайту және бұзушыларға санкцияларды қатаңдату бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынған. Осылайша, Қызыл кітапқа енгізілген әрбір заңсыз кесілген ағаш үшін зиянды өтеу мөлшері 6 АЕК-тен 1000 АЕК-ке дейін ұлғайтылды. Сондай-ақ, әкімшілік және

қылмыстық кодекстерге орман қорында және қалалар мен елді мекендер шегінде ағаштар мен бұталарды заңсыз кескені, жойғаны және зақымдағаны үшін құқық бұзушыларға айыппұлдарды ұлғайту және санкцияларды қатаңдату бойынша өзгерістер енгізілді.

Сонымен қатар, Экология министрлігі Мәжілісте қаралып жатқан «Өсімдік әлемі туралы» заң жобасын әзірлеген.

Мағзұм Мырзағалиев Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Министрлік экологиялық туризмді дамыту бойынша жұмыстар жүргізіп жатқанын айтты. Атап айтқанда, жұртшылықтың пікірін ескере отырып, мастер-жоспарлар әзірленуде, ұлттық парктар жанынан Қоғамдық кеңестер құрылды. Бүгінгі таңда Алматы облысының 4 ұлттық

паркі бойынша инвесторлар айқындалып, экотуризм үшін заманауи инфрақұрылым салу көзделген.

Жануарлар дүниесін қорғауға келетін болсақ, мұнда да бірқатар маңызды шаралар қабылданып, деп атап өтті министр. Сондай-ақ, ІПМ және ҰҚК-мен бірлесіп «Киік» табиғатты қорғау акциясы іске қосылды, оның аясында киіктер мен басқа да жабайы жануарларды браконьерлікпен айналысатын бірқатар қылмыстық топтардың қызметі тоқтатылды. Сонымен қатар, министрлік Қазақстанның барлық аумағында киіктерді, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға тыйым салуды 2023 жылға дейін ұзартты. Пилотсыз ұшу аппараттарын, бейнетіркештерді және бейнежондарды қолдана отырып, Smart-патрульдеу

пилоттық жобасы іске қосылды. Жануарларды қорғау туралы заң жобасы әзірленді.

Үкімет деңгейінде министрлік балық шаруашылығын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасын да бекітті. Каспий итбалығы Қызыл кітапқа енгізілген жануарлар түрлерінің тізіміне енгізілген.

«Қазір адамдар жаппай табиғатқа бет бұруда. Біздің бірегей табиғи байлықтарымызға ұқыпты қарауды, қоқыс тастамауды, тыйым салынған жерлерде от жақпауды сұраймын. Біз оны құрметтеп, болашақ ұрпақ үшін табиғи сұлулықты сақтауымыз керек», - деді министр.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми сайты.

В ЦЕНТРЕ РЕИНТРОДУКЦИИ АСБК РОДИЛСЯ ПЕРВЫЙ ЖЕРЕБЁНОК КУЛАНА

В начале июня в Центре реинтродукции диких копытных в Костанайской области самка кулана родила жеребёнка.

За животными ведётся постоянное наблюдение, поведение мамы и малыша не вызывает беспокойства.

Уже в день рождения жеребёнка куланов начинают ходить и в первые же дни могут очень быстро бегать. Сейчас в корале находятся три особи - самец, самка и их детёныш.

Это первое пополнение в Центре, который функционирует уже четыре года. О беременности самки специалисты АСБК узнали весной по внешним признакам, тогда началось более пристальное изучение поведения животного.

Напомним, что эта самка и один самец были перевезены

в Центр 11 октября 2019 года из Барсакельмесского заповедника в рамках проекта по восстановлению популяции вида в Центральном Казахстане, который реализуется АСБК вместе с национальными и зарубежными партнёрами с 2017 года.

Кулан, как вид с ограниченной численностью и ареалом, относится к категории видов «редких и находящихся под угрозой исчезновения», в Красной книге Казахстана он имеет статус «II категория», в Красном списке Международного Союза Охраны Природы - статус «угрожаемый».

Так как подвид кулана, обитавший в большей части Казахстана, исчез в 1930-е годы, было решено завезти в страну туркменский подвид, северная граница ареала которого

раньше заходила на казахстанскую часть Устюрта. В настоящее время куланы обитают в Казахстане: в Алтын-Эмеле, Барсакельмесском заповеднике, несколько десятков в Андасайском заказнике, а также с 2018 года в Костанайской области. Таким образом, в Казахстане в настоящее время насчитываются около 4000 куланов.

Цель проекта по реинтродукции кулана в Центральном Казахстане – создание новых группировок вида для повышения устойчивости его состояния в Казахстане, а также восстановление полноты степных экосистем.

Казахстанская ассоциация сохранения биоразнообразия.

ҚАЗАҚСТАНДА 2030 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ ЖЫЛЫНА 270 МЫҢ ТОННА БАЛЫҚ ӨСІРІЛЕДІ

2021 жылғы 28 маусымда «Балық шаруашылығын дамыту туралы» тақырыбында брифинг өтті. Спикер - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің төрағасы Нариман Жүнісов. Жұртшылық Балық шаруашылығын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасын іске асыру барысы және Комитеттің атқарып жатқан жұмыстары туралы хабардар етілді.

Бағдарламада қолда бар әлеуетті ескере отырып, 2030 жылға қарай өсірілген балық көлемін жылына 270 мың тоннаға дейін ұлғайту міндеті қойылған.

Балық өсіру көлемін ұлғайту балық өсіруге жарамды су айдындарын пайдалану, сондай-ақ жаңа инвестициялық индустриялық балық өсіру жобаларын іске асыру және жұмыс істеп тұрған шаруашылықтарды жобалық қуатына дейін жеткізу есебінен жоспарланып отыр.

2030 жылға дейін 1283 жаңа балық өсіру шаруашылығы құрылады және жұмыс істеп тұрған 288 шаруашылықты өсіру көлемі ұлғайтылады.

Жобалар әр өңірдің ерекшеліктеріне қарай бөлінді және жергілікті атқарушы органдар бекіткен балық шаруашылығын дамытудың өңірлік бағдарламаларында көрсетілді. Бағдарламаның индикаторлары мен көрсеткіштеріне қол жеткізу жауапкершілігі де оларға жүктелген.

Қойылған максаттарға қол жеткізу үшін 10 жыл ішінде 340 млрд.тенге жеке инвестициялар тарту және мемлекеттік бюджеттен шамамен 200 млрд. тенге бөлу көзделіп отыр.

2021 жылы жұмыс істеп тұрған балық өсіру шаруашылықтары есебінен 12,8 мың тонна балық өсіру күтілуде. Жедел мәліметтер бойынша жыл басынан бері шамамен 7,6 мың тонна тауарлы балық өсірілді.

Брифинг барысында спикер сондай-ақ балық шаруашылығын (аквакультура) дамыту үшін жағдай жасау мақсатында Комитет мынадай жұмыс жүргізгенін хабарлады.

Бірінші. Балық шаруашылығы су айдындарын тауарлық

балық шаруашылығын жүргізу үшін кәсіпшілік су айдындарынан ауыстыру қағидалары бекітілді.

Екінші. Заңнамалық деңгейде пайдаланушының тор шаруашылығын жүргізу үшін кәсіпшілік балық шаруашылығы учаскесін пайдалану құқығы көзделген.

Үшінші. Балық шаруашылығын жүргізуге арналған үлгі шарт бекітілді және осы шартты жасасудың нақты мерзімі – 49 жыл болып белгіленді. Бұрын келісім-шарт жасасу мерзімі 5 жылдан 49 жылға дейін болатын.

Төртінші. Балық шаруашылығын дамыту жоспарларында балық өсірушілерге қойылатын артық талаптар алынып тасталды.

Бесінші. Балық өсіру шаруашылықтарын су қорғау белдеуіне орналастыру бойынша шектеулер алынып тасталды.

Алтыншы. Балық өсіру тоғандары мен бассейндерін салу кезінде жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу және мемлекеттік сараптамадың қорытындысын алу жөніндегі талаптар алып тасталды.

Жетінші. Бизнес ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде балық өсіру шаруашылықтарын салу кезіндегі шығындарды өтеуден босатылды.

Сегізінші. Мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы шаралары кеңейтілді. Бұл:

- балық өсіру-биологиялық негіздемелер;
- балық өсіру материалын сатып алу;
- дәрілік препараттар;
- бағалы балық түрлерінің жөндеу-аналық табындарын сатып алуға және күтіп-ұстауға жұмсалатын шығындар құнын 50%-ға дейін субсидиялау.

Спикер сондай-ақ Комитет Қазақстанда балық шаруашылығын жүргізу үшін барынша қолайлы жағдайларды пысық-



тап жатқанын атап өтті, сондықтан ол балық шаруашылығы субъектілерін, инвесторларды және балық өсірумен айналысуға ниет білдірген барлық бизнесмендерді балық өсірумен айналысуға шақырды. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі жұмыстармен қатар балық ресурстарының табиғи популяциясын сақтау және ұлғайту бойынша шаралар қабылдануда.

Атап айтқанда, браконьерлікпен күрес, балық аулауды реттеу және балық ресурстарын жасанды түрде молайту жүзеге асырылуда.

Мәселен, 2021 жылдың басынан бастап мемлекеттік инспекторлар 1800-ге жуық әкімшілік құқық бұзушылықты анықтады, 23,2 млн.тенге айыппұл салды, оның 15,4 млн. теңгесі өндіріліп алынды. Спикер сондай-ақ Комитет өткізетін «Бекіре», «Ұлдырық шашу», «Таза су айдындары» табиғатты қорғау акциясының қорытындылары туралы хабарлады.

Анықтамалар

Қазақстанның ауқымды балық шаруашылығы қоры бар. Саланың ғалымдары мен сарапшыларының бағалауы бойынша балық шаруашылығының әлеуеті жылына 600 мың тонна тауарлық балыққа бағаланады. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің балық саласын дамытуға ерекше назар аудару қажеттігі атап өтілді. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 955 қаулысымен ҚР ЭГТРМ Балық шаруашылығы комитеті құрылды.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми сайты.

МИНЭКОЛОГИИ: ИЗ ТАДЖИКИСТАНА ДОПОЛНИТЕЛЬНО ПОСТУПАТ БОЛЕЕ 300 МЛН М³ ПОЛИВНОЙ ВОДЫ

В текущем году в бассейне реки Сырдария сложилась сложная водохозяйственная обстановка, связанная с маловодьем.

В связи с этим министр экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан Магзум Мирзагалиев в г. Ду-



шанбе встретился с министром энергетики и водных ресурсов Таджикистана Д.Джума. В ходе встречи была достигнута договоренность о дополнительных сбросах таджикской стороной 315 млн м³ воды из водохранилища «Бахри Точик» с июня по август т.г.

Данный объем позволит снизить дефицит поливной воды в вегетационный пе-

риод в Туркестанской и Кызылординской областях.

«Учитывая сложную водохозяйственную обстановку в бассейне реки Сырдария для нужд Туркестанской и Кызылординской областей, таджикская сторона, помимо объемов воды, сбрасываемых Кыргызской Республикой из Токтогульского водохранилища, согласилась с июня по август поставлять дополнительно из водохранилища «Бахри Точик» 315 млн м³ воды.

Казахстан же в свою очередь окажет Таджикистану материально-техническую поддержку в случае возникновения негативных последствий дополнительной сра-



ботки водохранилища «Бахри Точик», - отметил Магзум Мирзагалиев.

*Официальный сайт
Министерства экологии,
геологии и природных ресурсов РК.*

«ҚАЗСУШАР» РМК СУАРМАЛЫ ЖҮЙЕНІ АВТОМАТТАНДЫРУДЫҢ 5 ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАУҒА КІРІСТІ

Бұл туралы аталған мекемеде өткен онлайн-брифингте «Қазсушар» РМК-ның IT бойынша басқарушы директоры Тастан Наримбаев мәлімдеді.

Тастан Наримбаевтың сөзінше, жоба негізінде 119 негізгі магистральды және шаруашылықаралық каналдарда суармалы жүйені автоматтандыру болып табылады.

Алматы, Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облысы бойынша жалпы ұзақтығы 2 830 шақырымды қамтымақ. Осы жұмыстар шеңберінде геология, гидрология, геодезия және автоматтандыру бөлігінде зерттеулер жүргізілетін болады.



Соның нәтижесінде каналдарда құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу үшін, су есебін автоматтандыру жүйесін енгізу мақсатында жобалық-сметалық құжаттар әзірленеді.

«Автоматтандырудың 5 жылдық Жоспары 2025 жылға дейін пысықталды және республиканың оңтүстік облыстарында орналасқан «Қазсушар» РМК арналарын автоматтандыруды көздейді. Оларға жалпы ел бойынша су берудің 97% - ы тиесілі. Бұл суару желілері «Қазсушар» РМК филиалдарының тегірімінде – бұл «Д.Қонаев атындағы Үлкен Алматы каналы» филиалы, Алматы, Түркістан және Жамбыл филиалдары. Ағымдағы жылы біз 9 канал бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарына кірісеміз. 2025 жылдың соңына қарай 5 жылдық жоспардың барлық 119 каналын автоматтандыруға келуді жоспарлап отырмыз. Жалпы, бұл Жоспардың әсері Қазсушар үшін де, біздің су тұтынушыларымыз үшін де өте

маңызды» -, деп атап өтті «Қазсушар» РМК-ның IT бойынша басқарушы директоры Тастан Наримбаев.

Алдағы бес жылда су жинауы 6 км³ болатын магистральдық каналдардың жартысынан астамы, сондай-ақ, шаруашылықаралық каналдардың жартысына жуығы цифрландырылады. Бұл арқылы 26 004 фермер мен 103 ауыл шаруашылығы кооперативі үшін 412,6 мың га жерді суару мүмкіндік бар. Брифингте мемлекеттік сату порталы арқылы 23 каналды автоматтандыру бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуге 8 конкурс жариялайтыны айтылды. Демек, осы жылы 9 канал бойынша 4 конкурс өткізіледі. Ал, келер жылы 14 канал бойынша 4 конкурс өткізілетін болады.

Айта кетейік, онлайн-брифингте ТПБАЖ (технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйелері) және БӨА (бақылау-өлшеу аспаптары) енгізу саласында қажетті құзыреті бар компания-



лардың 45 өкілі қатысты. Басқарушы директор автоматтандыруға мамандандырылған ең құзыретті және кәсіби компаниялар тартылатынын айтты. Сондай-ақ, брифингке қатысқан компаниялар аталған жобаға қызығушылық танытуға шақырды.

*ҚР Экология, геология
және табиғи ресурстар
министрінің ресми сайты.*

КОЛЕБАНИЯ УРОВНЯ КАСПИЙСКОГО МОРЯ - ЭТО ЕСТЕСТВЕННЫЙ ПРИРОДНЫЙ ПРОЦЕСС

В ответ на сообщения о колебаниях уровня Каспия наши эксперты сообщают, что уровень моря в целом подвержен значительным многолетним, межгодовым и сезонным колебаниям. Это естественный природный процесс.

Уровень Каспия испытывал колебания и раньше, в прошлом. Порой они были даже более значительными, чем в XX веке.

Как отмечают специалисты, такие периодические колебания – нормальное проявление неустойчивого состояния замкнутого водоема с переменными условиями на внешних границах.

Так, к примеру, активный спад уровня Каспия наблюдался с 30-х годов прошлого века: к 1977 году уровень моря снизился на 3 метра и опустился с отметки -26 м абс. до -29 м абс. А уже с 1978 г. начался подъем уровня моря, на 2,5 м - к 1995 году.

В период 1978-1995 годы происходило современное интенсивное повышение уровня Каспийского моря. За



это время уровень моря повысился на 2,5 м и к 1995 году достиг отметки минус 26,62 м. Средняя интенсивность подъема уровня за этот период составила около 14 см в год, а в отдельные годы – до 36 см.

С 2005 года вновь наблюдается циклический период снижения уровня Каспийского моря.

То есть для Каспия характерны не периодические колебания уровня под воздействием ветра – сгонно-нагонные явления. К примеру, в северной части Каспия в районе морского гидропоста «Жанбай» четко прослеживается сезонность проявления нагонно-сгонных явлений.

Наибольшие частота и высота нагонов в этой части моря отмечаются обычно весной и осенью во время сильных и продолжительных ветров северо-восточного и юго-восточного направлений. Летом нагоны незначительны и повторяемость их мала. Так, подъем уровня моря возникает при скорости ветра 10-15 м/с и продолжительности

от 10-12 часов до 1-2 суток. При сильных ветрах со скоростью 15-25 м/с их высота достигает 1,5-2 м и более.

В последние годы колебания уровня Каспийского моря обусловлены и соотношением характеристик водного баланса, изменяющихся под влиянием антропогенного изменения климата.

По данным экспертов, в период с 2006-го по 2020 гг. на акваторию Каспийского моря выпадало наименьшее количество осадков, а процессы испарения были более интенсивные. К тому же из-за серии маловодных лет в бассейне реки Волги средний приток воды также был наименьшим. Главная причина этой маловодности – потепление климата, охватившее все северное полушарие.

Таким образом, резюмируя, можно отметить, что понижение и повышение уровня Каспийского моря наблюдалось и в прошлом, и оно имеет долговременный природный, циклический характер. В последние годы на состояние Каспия стало влиять и глобальное потепление климата.

*Официальный сайт Министерства экологии,
геологии и природных ресурсов РК.*

9 ӨНІРДЕ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ ЖЫЛЫНА 3,6 МЛРД. М³ БОЛАТЫН 39 ЖАҢА СУ ҚОЙМАСЫН САЛУ ЖОСПАРЛАНҒАН, - М. МЫРЗАҒАЛИЕВ

Каналды цифрландырудың арқасында су суару нормалардан қырық бес (45%) пайызға көп жұмсалатыны анықталды. Биыл он алты (16) арна цифрландырылады. Таяудағы бес жыл ішінде ұзындығы екі де сегіз (2,8) мың км-ден асатын жүз он тоғыз (119) арнаны цифрландыру жоспарда бар.

«Ауыз суды елді мекендерге жеткізу бөлігінде былтыр топтық су құбырлары құрылысының он төрт (14) жобасы іске асырылды, олардың үшеуі аяқталды. Нәтижесінде үш жүз қырық үш (343) км желі салынды. Алматы, Қызылорда, Батыс Қазақстан облыстарында жүз жиырма төрт жарым (124,5) мың халқы бар он бес (15) елді мекен мен бір қаланы су-



мен жабдықтау қамтамасыз етіліп жақсарды. Биыл ұзындығы сегіз жүз қырық бес (845) км болатын сегіз жобаны аяқтап, пайдалануға беру жоспарлануда. Ақмола, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстарының екі жүз үш (203) мың тұрғыны бар алпыс бір (61) елді мекен үшін сумен жабдықтау қамтамасыз етіліп жақсартылады. Екі жыл ішінде он (10) ҰЗАҚ жылдарға созылған құрылыстың бесеуін тапсырдық. Биыл тағы үшеуін аяқтаймыз және келесі жылы қалған екеуін тапсыру жоспарланған».

*ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар
министрінің ресми сайты.*

ОБ ОХРАНЕ РОЗОВОГО ОЗЕРА КОБЕЙТУЗ

Вопрос охраны розового озера Кобейтуз прокомментировал аким Акмолинской области Ермек Маржикпаев.

